Салыстыра кетейік: Рефей Федерациясы Конституциясындағы З-бап халық елдің елемендігі мен биліктің қайнар көзі ретінде “өздерінің билігін тікелей, сондай-ақ мемлекеттік билік органдары мен ЖӘӨБ органдары арқылы жүзеге асырады” деп бекітеді [5].

Ресейлік зерттеушілер бұл баптың қисынды тұжырымдалғанын атап көрсетеді, себебі мұнда өзін-өзі басқару табигатының екі қырлылығы – мемлекеттің де, азаматтық қоғамның да элементі екендігі анық көрсетілген. Бір жағынан ол түрлі мемлекеттік құрылымдармен тікелей байланысты, ал екінші жағынан - елдегі әлеуметтің даму деңгейі мен азаматтардың өзіндік ұйымдаста алу мүмкіндігін көрсететін қоғамдық институт болып табылады [6].

Бірак бұл нормалардың айырмашылықтары мынада: Қазақстан унитарлы мемлекет те, Ресей федеративті. Біз бұл тұрғыда Қазақстан жағдайында нақ осы унитаризм басқарушылық, құқықтық, әлеуметтік-

экономикалық жүйелердің бірлігін қамтамасыз етуші, сәйкесінше, жанжалдардың болмауына, жүзеге асырылатын реформалардың мақсаттылығы мен табыстылығына қол жетіп отыр, мемлекеттің тұрктылығы мен мықтылығының кепілі болып табылады деген әріптестеріміздің пікірін толық қолдаймыз [7].

Дегенмен унитаризм ЖӘӨБ принципімен толық сәйкесе алады, аймақтардың белгілі бір деңгейдегі әлеуметтік-экономикалық дербестігі мен жергілікті органдардың өз аумағындағы мәселелерді шешуде жауапкершілігінің болуы оған қайшы келмейді.

“Озін-өзі басқарудың Еуропалық хартиясы” ЖӘӨБды жергілікті билік органдарының өз құрамын анықтауға және қолданыстағы заңнамамен бекітілген шекте жергілікті қалықтың мүддесіне сай басқаруды жүзеге асыруға құқығы мен мүмкіндігі болуы деп аныктайды [8].

Ал ресейлік энциклопедистер ЖӘӨБ-ды жалпы елді басқаруға бағытталған мемлекеттік басқару жүйесіне енетін жергілікті басқарудың бір түрі және мүмкін бір формасы деп түсіндіреді [9].

Л.В. Сморгуновтың жетекшілігімен “Мемлекеттік басқару және саясат” атты тақырыпта зерттеумен айналысқан бір топ ресейлік ғалым саяси тәжірибеде ЖӘӨБ туралы қалыптасқан бірнеше тұжырымдаманы ашып көрсетеді [10]:

1) еркін қауымдастық теориясы негізінде ЖӘӨБ органдарының қызметін мемлекеттік басқаруға карсы қою оның шаруашылық саласындағы дербестігін қөздейтін қоғамдық іс ретінде қарастырды;

2) ЖӘӨБ мемлекеттік теориясы оған белгілі бір автономия беруді мойындалап, мемлекеттік істерді басқару барысында орталық үкімет пен жергілікті билік арасындағы міндеттердің ара-жігін ашып алу қажеттілігін қойды. Соның аркасында XIX ғ. еуропалық елдерде ЖӘӨБ мемлекеттік жергілікті басқаруды ұйымдастырудың түріне айналып, оның қызметін мемлекеттік шенеуніктер емес, сайланбалы органдар мен жеке тұлғалар атқарды. Бұл модель XX ғ. ортасына дейін қолданылды, тек КСРО-даға жергілікті органдар мемлекеттік билік құрамында болды.

3) XX ғ. екінші жартысында локалистік тұжырымдама қалыптасты, оның негізінде либералды демократия идеялары жатыр. Мұнда ЖӘӨБ саяси демократияның маңызды институты ретінде қарастырылды. Күшті де көп тармақты ЖӘӨБ өмір сүру мүмкіндігі билік бөлінісінің қажеттігімен, шешімдер қабылдау процесіне мүмкіндігінше көп адам тартумен анықталды. Биліктің локальді сипатта болуы муниципалды қызметкерлердің икемділігін шапшаңдатады, жергілікті ресурстардың сол аумактағы мұқтаждықтармен үйлесім табуына мүмкіндік береді.

4) қоғамдық таңдау тұжырымдамасы – ЖӘӨБ тиімділігін арттыру үшін екі реформа жүргізу қажеттігін көрсетеді: бірінші – орталық билік ЖӘӨБ органдарына сыртқы байланыстар жасауды жақсартуды “жоғарыдан таңады”. Жеке сектормен байланыска түсудегі жергілікті биліктің ашық болуы олардың қызметінін мөлдірлігін қамтамасыз етеді. Екінші реформа –

бюрократияны бөлшектеу, яғни ЖӨӨБ жүйесінің ірі әрі тиімсіз ұйымдары тұрғылықты халықтың түрлі топтарының сан-қылы мүдделерін, мұқтаждықтарын қанағаттандыруши ондаған ұсак органдармен алмастырылуы қажет. Бақылау жасаудағы монополияның болмауы жергілікті бюрократия ішінде бәсекелестік туғызып, нәтижесінде қоғамдық бақылау мен таңдаудың күшеюіне алып келеді.

5) *Дуалистік мемлекет тұжырымдамасы* ЖӨӨБ мемлекеттік басқару аппаратының жергілікті бұтағы ретінде қарастырады. Тұжырымдама мемлекеттің маңызды екі қызметтіне - әлеуметтік инвестициялау мен әлеуметтік тұтынуға негізделген. Әлеуметтік инвестиациялау саясатының мақсаты жеке фирмалардың табығылығын қолдау арқылы тауарларды өндіру мен қызмет көрсетуді сактау. Мемлекет өндірушілерді басты материалдармен (шикізат, электр қуаты т.б.), инфрақұрылыммен (көлік-коммуникация т.б.) қамтамасыз етеді, несие беру, салықты азайту арқылы қолдау жасайды. Әлеуметтік тұтыну саясаты болса нарықтық қатынастар арқылы жүзеге аспайтын, халықтың түрлі әлжуз топтарының тұтынушылық мұқтаждықтарын өтеуге бағытталады. Ол негізінен зейнетакы, өтемакы, жәрдемакы төлеу, білім беру мен деңсаулық сактаудың тегін түрлеріне кепілдік жасау, арзан тұрғын үймен қамтамасыз ету арқылы жүзеге асады. Алғашқы қызмет түрі орталық билік деңгейінде шешілсе, соңғысы муниципалитеттер деңгейінде шешімін табуы тиіс. Сондықтан да ЖӨӨБ басты қызметі тұрғылықты халықтың әл-аукатын жақсарту, әлеуметтік тұтыну мәселесімен анықталады.

6) *Алеуметтік қатынастар теориясында* ЖӨӨБ екі тарапты өкілдік ролін атқарады. Бір жағынан ол жергілікті территорияның мүддесін білдіре отырып, сонымен бір мезгілде жалпылұттық деңгейде анықталған саяси курстың жүзеге асуына да жауап береді. Бір жағынан жалпылұттық саясатты қолдай отырып, жергілікті билік оларды қоғам үшін қажет және әділетті деп түсініп, аймактарда орындаиды. Екінші жағынан жергілікті аймак үшін өзекті мәселелерді шешуі тиіс.

Алайда бұлардан да өзге қарама-карсы көзқарастар баршылық, оларға сүйенсек, ЖӨӨБ қоғамдық бастамашылық көрінісі, ол жергілікті проблемаларды шешудегі мемлекеттің ролін азайтуға бағытталады. Мұндай қарама-кайшы түсініктер мемлекет пен азаматтық қоғамды бір-біріне антогонистік карсы қоюшы стереотиптен туындаста керек, соған орай олар шартты әрі жасанды, бүтінгі күн талаптарына жауап берे алмайды. Осы жерде Т.Янссонның кисынды тұжырымы даулы көзқарастарға нұкте қояды деп ойлаймыз. Ол азаматтық қоғамның өмір сүруін үштаганды өзара байланыс пен іс-әрекет түрінде негіздейді: бір бұрышында – мемлекет, екіншісінде – жеке, әлеуметтік және ерікті салаларда қызмет ететін қоғамдық бірлестіктер, үшінші бұрышында – бір мезгілде әрі мемлекеттік, әрі қоғамдық саланың институты болып саналатын ЖӨӨБ түр [11].

ЖӨӨБ-ға мемлекет тарапынан көп қамкорлық жасалып, жоғарыда тацылса, онда төмennен туындаітын бастамашылық төмендейді,

азаматтардың саяси қатысуының демократиялық принциптері шайкалады, қоғамның өзін-өзі ұйымдастыруы мен өзін-өзі басқаруына күмәнмен караушылық ретіндегі көрінеді. Ал мемлекет тарарапынан мұлдем қолдау жасалмаса онда ЖӘӨБ шынайы қызмет етуші алеуметтік құбылыстан ғері жалаң ұран түрінде қалуы ықтимал. Сондыктан да мемлекеттің бұл процеске қатысуы аса сезімталдықпен жүруі тиіс.

ЖӘӨБ-дың тіршілік ету үшін ең алдымен экономикалық негіз болуы шарт, сарапшылар оған ең кем дегендеге мыналарды кіргізді:

- жергілікті өзін-өзі басқаратын қауымдастықтың меншігі болуы тиіс;
- мемлекет меншігіндегі бірак ЖӘӨБ органдына пайдалануға берілген мүліктіктердің болуы;
- жергілікті қауымдастықтың мұн-мұқтажы мен қажеттіліктерін өтеуге қаджетті өзге де заңнамага сай келетін меншіктерінің болуы;
- жергілікті қаржы-қаражаттың болуы [12].

ЖӘӨБ тиісінше билік өкілеттілігі мен қаржы ресурстарының болуы демократиялық процеске деген қоғамдық сенімді ұялатып, азаматтар үшін өздері құрган органдың қызметі мен саясатына ықпал етуге шынайы мүкіндіктер берері ық.

Осы мәселе 2006 жылғы ЖӘӨБ туралы заң жобасын талқылағанда да киын түйнеге айналды. Аталған заң жобасын мемлекеттік комиссия аясында парламентарийлер мен азаматтық қоғам өкілдері қызу да ұзақ талқылады. Жергілікті мемлекеттік басқару мен ЖӘӨБ-дың өкілеттіктерінің ара-жігін, ролі мен қызметін, бюджеті мен материалдық-техникалық базасын айқындауға арналған көптеген езгертулер мен толықтырулар енгізілді. Өкілеттіктердің кайталаңбауына калай кол жеткізу басты мәселелеге айналды. Заң жобасының нәтижесінде ЖӘӨБ органды – кеңес болып аталатын болды да, оны төраға басқарады деген ұйғарым жасалды. Кеңестерді қаржыландыру бес кайнар көзден жүзеге асырылатын болып шешілді: оның өкілеттілігіне тек жергілікті мәндегі проблемаларды шешу (аулаларды абаттандыру, жасылдандыру, жол жөндеу және т.б.) кірді.

Алайда бұл жүйе бір мезетте жүзеге аспайды, Президент ұсынғандай, бастапқыда кеңестерді сайлау сынақ түрінде өтеді. Ал сынақ кезеңі екі-үш жылды қамтып, негізгі **төрт мәселені:**

- а) ЖӘӨБ органдарына берілестін қызметтер мен өкілеттіктердің ара-жіліш ашу;
- ә) оның экономикалық негізін қаржыландыру көздерін одан әрі айқындаپ, зерделесу;
- б) ЖӘӨБ ішкі құрылымын тереңірек және ұғымды етіп ойластыру;
- в) ЖӘӨБ органдары қызметтінің тиімділігін қамтамасыз етуші механизмдерді анықтап алуға мүмкіндік береді.

Елімізде ЖӘӨБ кезең-кезеңімен ендіру туралы көзқарасты әріптесіміз А. Нұкенов те айтқан болатын. Ол бір кезеңнен екінші кезеңге өтүші қажеттілігін сол орган жұмысының нәтижелілігімен және жалпы азаматтық қоғамның дамуымен негіздей отырып, үш кезеңге бөледі:

“Бірінші кезең. Бастапқыда ЖӨӨБ органы атқаруши биліктің өкілі - әкімді тежейтін тетік қызметін атқаруы қажет. Бұл (оны) Кенес деп атауға болады) елді мекеннің қалаулы, беделді азаматтарынан тұратын қоғамдық, яғни ақысыз қызмет ететін, 2-3 жылға сайланған орган. Аталмыш орган жергілікті қөкейкесті мәселелерді көтеріп, оны әкімнің алдына қойып, шешуді талап етеді. Егерде атқаруши билік өкілінің жұмысы қөшпілікті канагаттандырмаса, оны Кенес дауыс беру арқылы қызметінен босатуды жоғары атқаруши органдардан талап етеді. Және де бұл жерде ауыл, қала әкімін сайлау мүлде қажет емес.

Екінші кезең. Халықтың демократиялық мәдениеті қалыптасып, оның экономикалық ахуалының жақсаруымен қатар өзін-өзі басқару жүйесі де белгілі өзгерістерге ұшырауы тиіс. Дағылар айтканда, аталған орган белгілі мәселелерді өзі дара шешуге құқық алуы қажет. Ол үшін заң жүзінде ЖӨӨБ органына нақты құзырлар беру керек.

Үшінші кезең. Ол осы денгейдегі шаруаларды шешуге толық дайын болған кезде, жергілікті елді мекендерде (төмөнгі деңгейде ғана) Әкім институты жойылады, оның орынана Үәкіл - бұл Президент пен Үкіметтің, яғни мемлекеттің жергілікті орындағы өкілі... Әкім институты халықтың көзінде нагыз билікпен ассоциацияланады. Ал үәкіл арқылы халықтың психология өзгеріп, биліктің бастауы өз қолында екенін, және де өздері сайлаган ЖӨӨБ органы арқылы сол билікті жүргізуге болатындығын түсінеді, адамның саяси еркі қалыптасады. Сондыктан да бұл мәселеде осындай технологияны колдану дұрыс деп ойлаймыз” [13].

ЖӨӨБ институты қызметінің келешегі мен тиімділігі қөптеген факторларға тауелді болмақ. Әсіреле оның заңнамалық базасын жетілдіру міндетті тұр, қандай да болсын жаңалықты өмірге енгізудің мashaқаты көп болары белгілі. Ал ЖӨӨБ да билік, тек биліктің ерекше түрі - өзін-өзі ұйымдастыруға кең мүмкіндік алатын халықтың билігі, оларды ұйымдастыру түрін мемлекет айқындайтындаңай қатаң нормативтер жок, ол билік сол муниципалдық құрылымның нақты проблемаларына бағытталады.

Республикамыздағы ЖӨӨБ-дың аяғына тұруына кедергі болып отырған себептердің ішінде мемлекеттік билікті орталықсыздандыру процесінің аяғына дейін жүргізілмеуін, жергілікті биліктің тұрғылықты халық үшін жабық күйде қалуын, халықтың құқықтық және азаматтық мәдениетінің төмөндігін атап өткен орынды. Біздегі ЖӨӨБ-ға мынадай ерекшеліктер тән:

- ЖӨӨБ органдарының сандық және сапалық жағынан алғандағы өкілдік деңгейінің төмен болуы. Пәтер иелерінің кооперативтері мен аймактық өзін-өзі басқару комитетінен баска ЖӨӨБ субъектілерін енгізу тәжірибесі Қазақстанда жок;

- жергілікті атқаруши билік пен ЖӨӨБ органдарының іс-әрекеттері мен қарым-қатынастарының барлық қыр-сырын қамтитын, ара-жігін ашып, реттеп беретін заңнамалық негіз әлі жасалмаған.

- ЖӘӨБ мәселелерімен арнайы айналысатын мемлекеттік орган жок. Өкімет жаңындағы Мемлекеттік басқарудың түрлі деңгейлері арасындағы өкілеттіктерді ажырату мен бюджет аралық қатынастарды жетілдіру жөніндегі комитет тек жергілікті мемлекеттік басқарудың проблемаларын шешеді.

Осылайша, Қазақстанда ЖӘӨБ институтын кезең-кезеңімен енгізудің жолдарын аныктайтын ЖӘӨБ-дың бірегей тұрғыымдамасы әлі жасалмаған. Елде жергілікті мемлекеттік органдардың кейбір өкілеттіктерін ЖӘӨБ институттарына қалай бөліп беру мәселесі, оны тәжірибеге енгізудің накты мерзімі де айқындалмаған. Қысқасы, тұрғылықты халықтың мұн-мұқтажын жергілікті деңгейде шешуге кабіletі бар, шындал қызмет ететін ЖӘӨБ-дың қалыптасуы қын түйінге айналып, ол ұзаққа созылған бара жатыр.

Кейбір зерттеушілер Қазақстанда ЖӘӨБ ендіру мен дамыту бағытында мынадай тәжірибелі ұсыныстар жасайды:

1. Аудандық және облыстық деңгейлердегі барлық БАҚ-на ЖӘӨБ-ға қатысы заңнама мен терминдерді түсіндіру мақсатында осы мәселемен айналысатын мамандар мен мемлекеттік билік өкілдерін тарта отырып, арнайы бағдарламалар мен рубрикалар ашуы қажет.

Бұл мемлекеттік органдар өкілдеріннән жергілікті билікті ұйымдастыруға септігін тигізерлік ілімдерін жетілдіруіне, жергілікті қауымдастықтың әлеуетті мүшелері аталған мәселе бойынша танымдық ақпарат алып, қажетті түсінік қалыптастыруына ықпал етеді.

2. Жергілікті әкімшіліктер тұрғылықты халық арасында дайындық, ақпараттық және түсіндіру жұмыстарын жүргізу үшін қоғамдық бастамашылық негізде арнайы орталықтар ұйымдастыруы тиіс. Аталған жұмыстың тиімділігін арттыру үшін облыстық әкімияттар жүргізіп жатқан іс-шаралардың орындалуына бақылауды жүзеге асыруы керек. Қажет болған жағдайда теориялық мәселелер жөнінде көмек көрсеткен жөн.

Қазақстандағы ЖӘӨБ енгізудің бастамашылары орталық элита болғандықтан, дайындық кезеңіндегі мемлекеттік билік өкілдерінің қызметі жергілікті қауымдастықтардың қызметіне араласу, болмаса оған бақылау жасау деп қарастырылмауы керек, керісінше, бастаманы соңына дейін - сайлау өткізуге дейін жеткізуге атсалысу деп қарауымыз керек [14].

Мәселені қорыта келе, жоғарыда айтылғандарға біздің қосарымыз: ауылдық деңгейдегі ЖӘӨБ өмірге ендірудің бірден-бір жолы - фермерлік шаруашылық негізінде жүруі тиіс. Фермерлік қожалықтың басында тұрған адам іскер касіпкер, оның ауыл ауқымында беделі де бар, дәстүрлік жағынан алсак бұрынғы қазақ ауылндағы бай іспетті. Фермерлік қожалық ауылдың негізін құраса, онда жұмыс істейтін азаматтар сол ауылдың тұрғындары. Фермерлік қожалықтың өз жері, техникасы, бюджеті т.б. бар. Ен бастысы мұдделері ортак. Бұл жобаның Қазақстан үшін маңызы – тәуелсіздік жылдары тозып кеткен ауылдардың кайта жандандыруға көн мүмкіндік береді. Тек мұндай қожалықтарды мемлекет әлеуметтік инвестициялау және әлеуметтік тұтыну саясаты арқылы жан-жақты қолдан, оларға қызмет

көрсетуші машина-трактор кешендерін қалпына келтіру лазым, жалпы алғанда ауылшаруашылық кластерін дамыту қажет.

Ал аудандық деңгейде болса, ұсынылған тәраға басқаратын кеңес арқылы ЖӘӨБ жүзеге асыруға болады, тек ол аудандық өкілдік орган болып есептелеғін мәслихаттармен тізе қоса жұмыс істөуі шарт. Сонымен катар, сол территориялық бірліктегі қасілкерлер мен бизнес өкілдерімен әріптестік қарым-қатынас орнату қажет.

Бұқаралық саясат ЖӘӨБ айнымас белгісі, ол азаматтық қоғамның тұрақты атрибуты ретінде ортақ қоғамдық игілік үшін азаматтардың азаматтармен жұмыс жасауын білдіреді. Бұл дәстүрлі саясаттағы үкімет немесе қандай да бір саясаткер жүзеге асыратын іс-әрекеттен мұлдем бөлек. Бұқаралық саясатқа қатысушылар азаматтық қоғамның институционалдық негізін түзуші ерікті ассоциациялар мен азаматтық одактарды құрып қана коймай, билік жүйесін де өзгертеді. Саясат ұғымына азаматтар арқылы жүзеге асатын іс-әрекет деген жаңаша мән мен мазмұн береді. Саясатты бұлайша түсіну біздін елімізде де азаматтардың өз болашақтарына бақылау жасауға қол жеткізуге бағытталған азаматтық іс-әрекетті туындары анық, ал бұған халық билігі болып конституциямызда бекіген демократияның тағыры тәуелді. Яғни, ЖӘӨБ негізінде басқару формасы түріндегі демократия жатыр деуімізге болады. Бұл мәселе қурделі құрылымы бар қазіргі Қазақстан үшін аса өзекті болып түр. Өзіміздің ұлттық ерекшеліктерімізге сай келетін ЖӘӨБ одан әрі дамыту күн тәртібіндегі мәселе.

1. Зотова З.М. Государственная власть и местное самоуправление: актуальные проблемы. -М., 1999. -С. 139-143.

2. Досмагамбетова Г. Местное самоуправление как субъект политики реформирования казахстанского общества // Саясат. -2006. -№ 8. -С. 9.

3. Қазақстан Республикасы Конституциясы. (ҚР 1998 жылғы 7 қазандагы № 284-І, 2007 жылғы 21 мамырдағы № 254-ІІ Заңдарымен енгізілген өзгертулер және толықтырулармен). -Алматы: Юрист, 2007. -40 бет.

4. “Қазақстан Республикасының Конституциясына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы” ҚР Заңы. 2007 жылғы 21 мамыр. № 254-ІІ // Егемен Қазақстан. 2007 жылғы 22 мамыр. -№ 132-135. 1-2 бб.

5. Конституция Российской Федерации. -М., 2002. -С. 4.

6. Витюк В.В. Состав и структура гражданского общества как особый сферы социума / Гражданское общество: теория, история, современность. -М., 1999. -С. 48-49.

7. Донаков Т.С. Некоторые проблемы правовой природы и организации местной исполнительной власти Республики Казахстан // Казахстан-Спектр. -№ 3(21). -2002. -С. 86.

8. Европейская хартия местного самоуправления // Реформы местного самоуправления в странах Западной Европы (Отв. ред. В.В.Маклакова). -М.: ИНИОН, 1993. -С. 3. -П. 1.
9. Соловьев А.А. Местное самоуправление / Федерализм: Энциклопедия. -М., 2000. -С. 47.
10. Государственное управление и политика. (Под ред. Л.В. Сморгунова). -Спб., 2002. -С. 344.
11. Янссон Т. Гражданское общество на европейском Севере. -Спб., 1996. -С. 6.
12. Тарапов А.А. Муниципальное право Республики Казахстан. -Алматы, 1999. -С. 47.
13. Нүкенов А. Жергілікті басқаруды жетілдіру мәселелері // Саясат. -2003. -№ 7. -30-31 бб.
14. Досмагамбетова Г. Институциональное становление и перспективы развития местного самоуправления в Казахстане // Саясат. -2006. -№ 6. -С. 30.

#### Резюме

Автор статьи освещает вопросы, касающиеся процессов демократизации местного самоуправления.

#### Summary

The author considers the questions of the process of the democratization of local selfadministration.

## ОЗИН-ӨЗІ БАСҚАРУДЫҢ ЖЕРГІЛІКТІ ЖҮЙЕСІ

**Т.М. Асанов –**  
саяси гылымдарының кандидаты

2005 жылғы 24 кантарда Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы демократия және азаматтық қоғам мәселелері бойынша Ұлттық комиссияның екінші отырысы өткізілді. Күн тәртібінде мемлекеттік басқарудың орталықта тәуелділігін жою және жергілікті өзін-өзі басқару мәселесін талқылады. Сол кездегі «Асар» партиясының жетекшісі Дағыра Назарбаева бастаған жұмыс тобы жергілікті орындардағы өкілетті билікті қүштейту жөніндегі бірқатар ұсыныстар дайындауды. Олар, мемлекеттік даму бағдарламасын нақты іске асыруға мүмкіндік беретін жәйт, мемлекеттік бюджет төмменнең, яғни ауылдық және аудандық бюджеттер деңгейінен қалыптастыруын ұстануды ұсынды. Жұмыс тобы жетекшісінің айтуы бойынша, түрлendірудің бастапқы кезеңінде мемлекеттік атқарымдардың және жергілікті өзін-өзі басқару органдары атқарымдарының мемлекеттік

тізлімін жасау кажет, бұл әкімшілік реформаның жүзеге асырылуына елеулі түрде септігін тигізді. Мемлекеттік басқару деңгейлері арасында әкілдептерді шектеу және мемлекеттік органдардың бақылаушы қадағалаушы атқарымдарын қыскарту, сондай-ақ комуналдық мешікті жергілікті басқару деңгейлері арасенда бөлу жұмыстарын қыска уақыт аралығында аяқтау кажет. Сонымен қатар, әзірлеушілер ауылдық округтер деңгейіндегі әкімдер сайлауымен шектеое тұруды және жергілікті өзін-өзі басқару жүйесін заңды енгізілуін қамтамасыз етуді ұсынып отыр. Ал бұларды жүзеге асыру үшін тиісті заңдармен қамтамасыз ету керек. Жұмыс тобының мүшелері тиісті заң жобасының Парламентте қарастырылуын жеделдете қажет деп санайды, себебі ауылдық әкімдердің сайлауын былтырғы жылғы тамыз айында болып отті.

Қазакстандық зерттеушілер Ю. Булуктаев пен Т.Исмагамбетовтің пікірінше, «өктемшілдік», «білікке қол сұғышылық пен бақылаусызыңық» әкім сайлауымен жоғалып кетпейді. Олар бұрындары Мәскеу өктемшілігінің жергілікті төрешіл жік өктемшілдігімен ауысқан секілді, облыс деңгейіне ауысып қана кетеді. Сайланған әкім тек оны сайлаган халықтан ғана емес, орталық биліктен де іс-әрекеттер бостандығын алады. Мәслихаттар құқығының аясын көңетту және әкімдердің бақылауға алынатындығының идеясы 1998 жылғы жергілікті басқару бойынша «дөңгелек үстелде» «төртінші толқын» демократтарының ықпалымен жарияланғаны көдейсіктық емес [1].

Қазакстан Республикасындағы осындай саяси қайта құрулар мен өзге де әлеуметтік-экономикалық реформалар, сондай-ақ әртүрлі қоғамдық үрдістер мемлекеттік билік органдарының құрылымдық-атқарымдық сипаттамаларын едәуір өзгертулғанда септігін тигізді. Қазакстан Республикасындағы мемлекеттік құрылыштың басталық кезеңі қоғамның әлеуметтік құрылымдауында саралықтың болмауымен, келісімділіктің және казақстандық қоғамның әртүрлі топтары мен жіктерінің жалпы мүдделері мен мақсаттарын белгілеу жұмысының төмен дәрежесімен сипатталады. Сонымен бірге, XX ғасырдың 90-шы жылдарында Қазакстан Республикасындағы барлық мемлекеттік басқару жүйесін басқарушылық реформаларды жүргізген кезде, біздің мемлекеттікіміздің мемлекеттік кайраткерлері басқарушылық түрлендіруді, олардың тығыз байланыстырылғына қарамастан, жергілікті мемлекеттік басқару жүйесінің батыстық үлгісін қайталамау және қошірмеу қажеттілігін негізге алып жүргізген.

Бүтінгі таңда жас тәуелсіз мемлекетте жергіліктік басқарудың қажетті үйімдастырушылық негізі қалыптасты [2]. Осы кезенде жергілікті мемлекеттік басқару жүйесінде жүргізілген терең өзгерістер арқасында республикада алғашкы жергілікті өзін-өзі басқару институттары қызмет етеде бастады және әлемдік тәрбие мен Қазақстаниң ерекшелігін ескеретіндей өзіндік жергілікті басқарудың ұлттық моделі іздестіріле басталғаны жөнінде де айтуға болады.

Сонымен, тәуелсіздік алғаннан кейін алғашқы жылдары Қазақстан алдында көптеген максаттар тұрды. Олардың ішінде, ұлттық мұдде негізінде жаңа мемлекеттің негіздірін қалау, елдің тәуелсіздігін нығайту, территориялық біртұтастықты сақтап қалу және т.б. секілді максаттар басым болды. Осы кезеңде қолданылған мемлекеттік билікті орталактандыру шарасы орынды еді. Алайда қазіргі кезде биліктің белгілі дәрежеден тым артық орталактандырылуы елдің онды демократиялық саяси дамуына кедергі келтіріп отырды. Бұл ретте баскарудың аумактық құрылымының өзгеріліуі және оны жан-жакты орталықсыздандыру плюралистік демократияны құру және азаматтық қоғам құрылышының үрдісіндегі маңызы максат деп қарастырылады [3].

Әркенистті тәуелсіз Қазақстанның саяси дамуының осы кезеңінде жергілікті мемлекеттік баскаруды орталықсыздандыру және демократияландыру проблемасы алдыңғы қатарға койылды. Әрине, орталықсыздандыру үрдістері дамуын толық айқындылықпен шешудегі негізгі толғакты мәселелердің шоғыры реформаларды шешу және іске асырудағы екпіннің макро деңгейден микро деңгейге ауысуымен байланысты [49].

Орталықсыздандыру және демократияландыру үрдістерінің байланысы жөнінде әлемдік компаративистикада саналуан көзқарастар бар. Белгілі теоретик Д.Рондинелли өз еңбектерінде орталықсыздандыру дегеніміз билік пен өкілеттіктерді басқару жүйесіндегі ірі бөлімшелерінен бұдан да кіші ұяшыктарға табыстау болып табылады, ал жекеленген азамат оның ен кіші ұяшығы болып табылады деп жазады. Мемлекеттің мұлтікісіз өктемдігіне қарама-қарсы азаматтық қоғамға өту әлеуеті ретінде, жүртшылық пен жеке тұлға рөлі артының әлеуетті мүмкіндіктері осымен түсіндіріледі. Д.Рондинеллидің бұл теориясына келіспеушілік білдіргендер де бар, атап айтканда, Н.Мак Гинн мен С.Стрит орталықсыздандыру дегенбакылауды мұдделі адамдардың бір тобынан оны үкіметтік машина ішіндегі келесі топқа табыстау үрдісі ғана болып табылады және жекеленген азаматтың мемлекетке ықпал ету шамасына ешбір әсер етпейді деп есптейді [5].

Осы дауда орталықсыздандыру жүзеге асыру формалары принципті екендігі ақиқат. Оларды қандай құндылықтарға артықшылық беретініне қарай айыруға болады: билік өкілеттіктерін құқықтық үlestіру, көрсетілетін қызметтердің сапасы немесе қолда бар қорларды түімді пайдалану [6].

Қандай болмасын елдегі орталықсыздандыру мәнін түсінүүшін профессор Брэм енгізген анықтамаларды қолданған өте қолайлы: билікті бөлшектеу – жеке бір аткарымдарды жергілікті мемлекеттік органдарға немесе аумақтық бөлімшелерге табыстау, бұл жерде орталық уысынан билік өкілеттіктерін шығармайды, орталық тек орнын ауыстырады (кей кездерде бұл, шеткеп аудандарды бакылаудың күштейтіліуіне экеп соқтырады); орталық үкімет ведомствоның шенберінде орталықтың ұлттық-аумактық бөлімшелерге шешімдер кабылдау құқығын табыстауы; және сонында, орталықта тек үлестіру, акпарат жинау және онымен алмасу аткарымдары

ғана сақталып қалып, орталық үкіметтің кейбір міндеттерін жартылай мемлекеттік ведомстволарға тапсыру [7].

Сонымен бірге, біздің ойымызша, Қазақстан Республикасының мемлекеттік билік органдарының орталықта тәуелділігін азайту үрдісін бұғінгі таңда көкей кесті ету заңдылы. Себебі тап қазір, Қазақстан Республикасында мемлекетті дамытуда сапалы ілгерілеудер бар және бұл қазақстандық қоғамының өмірлік іс-әрекетінің барлық салаларындағы елеулі өзгерістерге әкеп соктырды. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаев Қазақстан халқына арнаған Жолдауында (2004ж.) мемлекеттік басқару жүйесін қалыптастыру стратегиясының негізгі принциптерінің бірі мемлекеттік атқарымдардың орталықтан аймактарға берілуі деп белгіленгені кездейсоқтық емес. Қазақстан Республикасының осы даму кезеңінде билік органдарының орталықта тәуелділігін нәтижелі азайтуға қажетті саяси, әлеуметтік мәдени, экономикалық, рухани және т.б. секілді басқа да алғышарттары бар деп сеніммен айтуды болады. Әлеуметтік-экономикалық қайта құрулардың нәтижелері бойынша, Қазақстан Республикасы тек Орталық-Азиялық аумакта орналасқан елдердің ішінде ғана емес, ТМД-ға енген басқа да кейбір мемлекеттердің ішінде жетекші мемлекет болып табылады. Билік органдарын орталықсыздандыру үрдісінің заңдылығы, жүйені жаңарту кезеңінде болып өткен сапалы ілгерілеудермен анықталады. Сондықтан, тиімді орталықсыздандыру теориясы негізінде билік органдарын орталықсыздандыру үрдісі қоғамда белгілі бір сандық өзгерістер жүргізілгенде ғана, мемлекеттік билік жүйесінің өзгеру нәтижесінде, биліктер белінгенде, қоғам демократияландырылған кезде, тұрғындар саяси-құқық пен бостандыққа қол жеткізген кезде, жеке меншікті енгізу, мемлекет иелігінен алу және жекешелендіру үрдісінде, әсіреле тым орталықтандырылған тоталитарлық мемлекет ыдыраған кезде ғана мүмкін деп тұжырым жасауға болады. Бұғінгі таңда, билік органдарын орталықсыздандыру үшін негіз бола алатын, қазақстандық қоғам өміріндегі әлеуметтік-экономикалық, құқықтық, мәдени салаларында көптеген алғышарттар пайда болды.

Жергілікті мемлекеттік басқару орталықсыздандыру және демократияландыру үрдісін талдау келесі заңдылықтарды айқындауға мүмкіндік береді:

- біріншіден, тұрғындардың үлкен тобы сайлау органдары арқылы басқару мәселелеріне тіkelей қатысу немесе жергілікті сайлау арқылы және өкімет қызметіне қадала бақылау арқылы – жанамалай қатысу мүмкіндігін алады;

- екіншіден, төменгі деңгейлерде, жалпы мемлекеттік дәрежедегі саясатқа қатысу үшін қажетті саяси дадылар мен атқарымдарды игере алатын, жаңа бетке ұстарлардың-элитаның пайда болуына мүмкіндік береді;

- үшіншіден, төмен тұрған басқару органдары белгілі бір дәрежеде орталық билікке қатысты тепе-тендік немесе тәжеуіш ретінде қызмет етеді;

- төртіншіден, орталықсыздандыру жергілікті және аумактарда қызмет етіп жүрген жетекшілердің жергілікті және аймактық экономикалық және

әлеуметтік даму үрдісіне тартылуын жігерлендіреді;

- бесіншіден, өкілеттіктерді жергілікті билік органдарына табыстау орталықтағы шиеленісті болдырмауга көмектеседі [8].

Әрине, постготолитарлық елдердің барлығында дерлік орталықсыздандару үрдісі көптеген манызды да болмашы факторларға байланысты болады. Бұл жайттардың арасында орталықсыздандыру үрдісіне накты саяси ұстаным, қажетті саяси, экономикалық, қаржылық, заңдық, ұйымдастырушылық, адамдық және басқа корлардың бар-жоғы, жергілікті билік органдарының әкімшілік саясатты жүргізу жөніндегі ұйымдастырушылық мүмкіндіктері, жергілікті билік органдары әкімшілік кадрларының алдына қойылған мақсаттарды шешүге дайындықтары мен кабілеттері, құндылық, азаматтардың және жергілікті саяси қайраткерлер мен әкімдердің мінез-құлық үлгісіне көзқарасы, сонымен қатар, олардың дербес басқаруға қандай дәрежеде себепті болуы және т.б. мәдени алғы шарттар әсерін тигізіп ерекшеленеді. Біздің ойымызша, орталықсыздандыру үрдісіне саяси ұстанымдылық, яғни тиісті саяси субъектілердің жалпы мемлекеттік және одан да төменгі деңгейде өкілеттікі табыс ету дайындығы кез келген орталықсыздандырудың басты алғы шарттары болып табылады. Сонымен қатар, орыс ғалымы М.Фридманның саяси қайраткерлер кейде аузыша келісіп, ал іс жүзінде орталықсыздандырылған жүйені мәңгілік сактап қалуға атсалысып жататындығын ұстанымдықпен шатастыруға болмайды деген сөз дәл келеді [9].

Сондыктan, Қазақстан Республикаснда мемлекеттік басқару жүйесін жедел түрде либералдау туралы әңгіме жүргізу тіпті мүмкін емес. Батыс компаративистері орталықтың мыкты тұрғысын, елдің тұрқытылығы мен экономикалық шоғырлануы және аумактардың экономикалық дербестігін-табиғи немесе жасанды құрылған табысты орталықсыздандырудың басты алғышарттары деп атайды. Бұл, мемлекеттік басқарудың орталық және жергілікті органдарының тиімді теңсіздігін іздестіруі сөзге тиек болғанын көрсетеді.

Көптеген демократиялық мемлекеттердің саяси тәжірибесі көрсеткендей, барлық елдерде дерлік орталықсыздандыру бағытындағы реформаларға жасаған алғашқы тәжірибелік кадамдары, оның келешегі жайында ой салғанда эйфория туғызған. Жергілікті билік органдары рөлінің арта түсүі жергілікті деңгейде дербестік пен өзін-өзі басқаруды қамсыздандыруға аса ниетті болғандығы және тұрғылықты халық пен жалпы жергілікті тұрмыс рөліне берілетін маныздылығында бой көтеретін басты өктемдік (императив) болып отыр. Бұл құбылыстар орталықсыздандыру мақсатында реформаларға дем бергенімен, сонымен бірге орталықсыздандырудың әлеуетті игіліктеріне қатысты бір талай шындыққа жанааслайтын үміт туғызады.

Сонымен қатар, орталықсыздандыру мемлекет рөлінің әлсіреуінің синоним сөзі болып саналады деген еместігін атап өтү қажет. Керісінше, ол оның манызды қызметтерін дамыта түседі, бүкіл қоғамның жай-күйіне

жауапкершілігін көтеруге, мемлекеттің табысты дамуына және ел азаматтарының тұрмыс жағдайын жақсартуға мүмкіндік жасайды.

Біздің ойымызша, Қазақстан Республикасында мемлекеттік басқару жүйесін табысты либералдандыру үшін объективті алғышарттарды (экономиканың дамуы, аумактар дербестігінің ұлғаюы) қалыптастыру және нығайту кажет. Аллымен, елді аймактарда әлеуметтік, экономикалық, мәдени және басқа да тәселеулерге қатысты жұмыс жүргізу керек, бұл Қазақстан Республикасы сияқты жер қолемі кең және аумактары әр қылы дамыған елді мекенге өзекті мәселе. Қазақстанның жалпы аумактық даму күйі аса тұракты және бірқалыпты емес екендігін атап өту керек. Сан қылы тұрғыдан алып қараганда аудандармен облыстарда қалыптасып келе жатқан жағдайлары, дәстүрлері мен серпіндік бағыттарын үнемі ауыстырыла отырып, тек экономикалық қана емес, уақыттық өлшемде де өсіп-даму үстінде. Тәселту және басқа да мақсаттарға қол жеткізу бұрынғыдан бетер белсенді, үдемелі, келісімді және жаңашылдық әдістерді қоідану арқылы мүмкін болады. Сондай-ақ, қазіргі даму сатысында Қазақстан Республикасында биліктің экономикалық және әлеуметтік жағдайға ықпал ететін өте мықты әкімшілік тетігі қолда тұр.

Аймактық әр деңгейлікті тәнелтуде, жалпыұлттық бағдарламалар мен басқару жүйесінің стандарттарын әзірлеуде орталық рөлінің артуы сөзсіз. Қай елде кандай стратегиялар немесе басқару формалары қолданылатыны – орталықсыздандыру, жекешелендіру, комерцияландыру болын – кайткенде де мемлекет бұл іс-жосығынан алыстамайды.

Алайда, XX ғасырдың аяғында көптеген Батыс ғалымдары біршама елдегі үкіметтердің аймактардағы әлеуметтік-саяси, экономикалық, мәдени және басқа деңгейлерін, олардың экономикалық және әлеуметтік дамуын тәнелтудегі толық сәтсіздіктерін сөз ете келе, класикалық веберлік үлгідегі мемлекеттік бюрократиямен байланыстыратын басқару тәсілі жойыла бастағанына тұжырымдама жасағанын атап өту кажет. Оның орнына іс-барысына мемлекеттік және мемлекеттік емес (оның ішінде нарық және т.б.) қатысуышыларды бір етene қосқан басқарудың жаңа түрлері пайда болды, ал басқару қызметтері мемлекеттің мүмкіншілік шегінде немесе одан тыс әрекет еткен органдарға табыс етілді. Бұл деңгениміз, бүкіл әлемде қоғамның, оның ішінде жергілікті бірлестіктердің мемлекеттік мекемелерді ұйымдастыру және олардың қызмет етуіне жауапкершілігінің артуы. Орталықсыздандырудың бастапқы кезеңінде мемлекеттік басқару қызметкерлерінің уақытша босаңусы биліктік емес ұйымдарда (жалпы азаматтық қоғам) басқарушылық вакуумды толықтыра алатын қабілеттер бар деген алдамшы ой тұдырды. Бірақ, ол бос кеңістік толмады, оның орнына жергілікті қауымды каржылауындағы, қызмет көрсетудегі және оған бақылау жасаудағы орталықтың рөлін нақты белгілеп беру кажеттігі пайда болды. Теориялық тұрғыдан мемлекеттік бақылау басқарудың партиципативтік үлгісіне қошкенде қауымның қатысуына оппозициялық емес болып саналады, деңгемен іс жүзінде басқа елдердің тәжірибесі басқалай мысалдар

келтіруде. Бұл тұста Қазақстан Республикасы өзінің әдептегі етатистік ділімен және мемлекеттік аппараттың бюрократиясымен зерттеуге арналған кең ауқымды дала тәріздес.

Ең басты мәселені – мемлекеттік басқару жүйесінің орталықсыздандыруын шешпей, басқару деңгейін анықтамай, оның бюджетін қамсыздандырмай мемлекет ері қарай табысты дами алмайды.

Қазақстан Республикасының басқарушылық реформасы барысында мемлекеттің жаңа тұғырлары мен қызметтеріне жасалған талдау биліктің орталықсыздандырылуы міндетті түрде қайта реттеу рәсімінің басы емес екендігін көрсетеді. Керісінше, мемлекет пен жергілікті мемлекеттік басқару жүйесі өз қарым катынастарын қайта құрды және орталық билік органдары жаппай (тотально) әкімшіліктенуден макробасқаруға көшуде.

Нәтижелі орталықсыздандыру барысында мемлекеттің жергілікті қауымға бақылау жасаудағы рөлі әлсізденбейді, қайта арта түседі. Осылай сабактастырылғанда мемлекеттің жергілікті қауымға бақылау жасаудағы рөлі әлсізденбейді, қайта арта түседі. Осылай сабактастырылғанда мемлекеттің жергілікті қауымға бақылау жасаудағы рөлі әлсізденбейді, қайта арта түседі. Осылай сабактастырылғанда мемлекеттің жергілікті қауымға бақылау жасаудағы рөлі әлсізденбейді, қайта арта түседі.

Ұйымдастырушылық тұрғыдан орталықсыздандыруды, бір жағынан, мемлекеттік билік деңгейі арасында әкілеттікі бөлу рәсіміне және, екінші жақтан, жергілікті өзін-өзі басқаруды ендіруге бөлмей, қайта оларды үйлестіріп жүргізуін манзызы зор екендігіне әлемдік тәжірибе күз. Өзін-өзі басқаруды ендіру, былай айтқанда, онсыз да орталықсыздандыру іс жүзінде қызметтердің және орталық үкімет әкілеттігінің бөлекtenуіне ұшырайтын, бүкіл орталықсыздандыру рәсімінің бөлігі деп түсіну қажет. Сейтіп, әкіметтің бөлу билік құрылымының мәселелерімен тығыз байланысты және мықты билік вертикалі әрқашан иерархиалық өзара бағыныштылық емес екіншін атап ету керек. Демократиялық мемлекет жағдайында ол, ең алдымен, иерархиялық матаслаған, дербес және халық алдында жауапкершілігі бар билік деңгейлері арасында қызметтері мен әкілеттіктерді нақты болумен сипатталады [10].

Басқару органдары ішінде деңгей аралық катынастардың тиімді жүйесін тізбектеу, біріншіден – жергілікті өзін-өзі басқаруды нығайтуды, екіншіден – оның органдары мен құрылымдарына әсерлі бақылау енгізуін білдіреді. Бұл талаптардың екіншісі елеулі қалса, кисық іске жол беріледі – билік жергілікті деңгейде шоғырланады, ал мұндай үлгі аса тұрақты болмайды.

«Мемлекеттік басқару жүйесін реформалау: шетелдік тәжірибе және Қазақстан» кітабында жазылғандай, Қазақстанда 1990-шы жылдары басталған мемлекеттік құрылымдың үдерісімен катар жаңа мемлекеттік құрылымдары құрылды және жаңаша жағдайда мемлекеттік билік органдарының қызмет сипаты өзгерді. Әп-сәтте нарықтық экономикаға ауысуы және шаруашылық қызметтің жан-жақты босансызы мемлекеттік басқару қызметтері мен құрылымына үлкен ықпалын тигізді.

Мемлекеттік билік және басқару деңгейлері арасында құзіретті бөлудің анағұрлым жалпы принциптері орталықтың карамығында азаматтардың

құқықтары мен еркіндігін корғауға, жалпы қоғам мұддесіне байланысты мәселелердің болуын билдіреді. Жергілікті мемлекеттік басқарудың карауына жекелік сипаты, бірақ, орталық кепілдеген принциптерді жүзеге асырудың накты формаларының маңыздылығы жағынан көм емес мәселелер де жатады. Жергілікті өзін-өзі басқару деңгейі құқық пен еркіндіктен туындағынын, жалпы ұлттық және аймақтық деңгейде бекітілген қызметтерді халықта ұсынуға бағытталған. Жергілікті өзін-өзі басқарудың зандақ реттеу туралы мәселеге көтілдірілген, оның саяси, құқықтық, экономикалық, әлеуметтік және басқа да камсыздандырылуына кепіл беруі қажет.

Құзірет бөлу мәселесін шешу барысында, осы кезенде және шарттарда кез-келген ұлтілерді қолдану мүмкіндігі шектеулі екендігін ескерген жөн, біріншіден, жалпы қоғамның көз ілеспес қарқынмен өзгеруі, ал екіншіден, оның басты буындарындағы (облыс, қала, аудан) өзгеріс жеделдігіндегі айырмашылықтары. Сондай-ақ, қаражаттың тапшылығынан жергілікті өзін-өзі басқарудың тиімді үлгісін құру жөнінде сөз қозғау қындау. Бұл жерде салықтық әлеуеті бойынша аймақтарды саралауға және төмөнгі буындарғы өзін-өзі басқару жөніндегі пайды болған құрылымдардан елдің дамуын, үдемелі, дау-талассыз ілгері басуға ынталандыратын тұракты жүйе құруға болатыны жайлы әңгіме қозғауға болады.

1. Булуктаев Ю., Исмаганбетов Т. Испытание демократией // Континент.-№ 3 (б). 6-19 февраля, 2002.-С.15.
2. Мигранян А. История теории демократии // Лекции по политологии. Таллинн, 1991.-С.51.
3. Фридман М.О свободе // Открытая политика. 1995.-№ 1.-С.48.
4. Сборник материалов региональной конференции «Децентрализация: условия достижения успеха».-Ереван, 1999.-С.17-19.
5. Мигранян А.История теории демократии // Лекции по политологии. Таллинн. 1991.-С. 51; Кульжанова Г. Демократизация местного государственного управления в контексте децентрализации органов государственной власти // Адам әлемі-мир человека, 2005, № 2.-С.38-39.
6. Реформирование системы государственного управления: зарубежный опыт и Казахстан. Научное издание.- Алматы: КИСИ при Президенте РК, 2005.-С.276 (С.5)
7. Фридман М.О свободе // Открытая политика. 1995.-№ 1.-С.48
8. Реформирование системы государственного управления: зарубежный опыт и Казахстан. Научные издания.- Алматы: КИСИ при Президенте РК, 2005.-С.278.
9. Сонда
10. Граждан В.Д. Теория управления: Учебного пособие.-М.: Гардарики, 2004.-С.185.

## Резюме

Автор статьи освещает проблемы, касающиеся системы местного самоуправления.

## Summary

The author considers the problem of the system of local selfadministration.

# УКРЕПЛЕНИЕ МЕЖКОНФЕССИОНАЛЬНОГО СОГЛАСИЯ КАК ОДНО ИЗ ОСНОВНЫХ НАПРАВЛЕНИЙ ПРЕДСЕДАТЕЛЬСТВА РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН В ОБСЕ

А.А.Тохтаров –

*соискатель кафедры теоретико-прикладной политологии и социологии  
КазНПУ им. Абая*

По мнению Главы государства Н.А. Назарбаева, 2010 год – особый для Республики Казахстан. Он будет отмечен важным историческим событием – председательством Казахстана в ОБСЕ. Эта почетная миссия накладывает на Казахстан огромную ответственность и в тоже время предоставляет нам широкие возможности. Н.А. Назарбаев, относит председательство в ОБСЕ к стратегическим национальным проектам - очень важным достижениям нашей страны за годы независимости и его возросшего авторитета.

Предстоящее председательство в ОБСЕ имеет для нашей страны историческое и символическое значение. Казахстан - первая страна СНГ, Центральной Азии и азиатского субконтинента в целом, с преимущественно мусульманским населением, которая возглавит эту влиятельную европейскую организацию. Символично, что председательство Казахстана приходится на юбилейный год 35-летия принятия в Хельсинки Акта по Безопасности и Сотрудничеству в Европе, под которым стоят подписи Глав государств Европы, США и Канады.

ОБСЕ - крупнейшая в мире региональная организация. В ее состав входят 56 государств от Северной Америки до Центральной Азии, при этом представляющих различные политические, военные и экономические союзы. Эта структура не имеет аналогов и является единственной по-настоящему эффективной площадкой для всеобъемлющего диалога и сотрудничества в таких сферах, как безопасность, экономика и права человека.

Казахстан получил коллективный мандат на председательство от всех 12 стран - членов СНГ. Его заявку также поддержали все 56 стран - участниц ОБСЕ. И это коллективное доверие ко многому обязывает молодое независимое государство.

Достижение председательства в ОБСЕ, станет мощным дополнительным рычагом в продвижении общенационального диалога внутри страны, инструментом для достижения наиболее востребованных для

общества решений разными политическими силами. Республика Казахстан может взять на себя функции главного связующего звена во взаимодействии ОБСЕ с другими региональными объединениями – такими, как ШОС, СВМДА, и ЕврАЗЭС и координировать их усилия для решения важнейших политических и экономических проблем на всем евразийском пространстве. Кроме того, с председательством Казахстана ОБСЕ, получает возможность повысить информированность и вовлеченность Запада в процессы, происходящие в Азии, наладить более тесные партнёрские отношения со странами этого региона и обеспечить большую прозрачность на границе с Афганистаном.

Таким образом, решение об утверждении кандидатуры Казахстана на председательство ОБСЕ было глубоко обоснованным. Наша страна наиболее стабильное государство региона, в котором не было межнациональных и межконфессиональных конфликтов. Казахстан – предсказуемый, авторитетный партнер. Республика входит во все региональные структуры Евразийского и Каспийского сообществ, но при этом проводит свою самостоятельную внешнюю политику, ориентированную на национальные интересы.

Для Казахстана открываются новые возможности в построении безопасной, стабильной и предсказуемой Центральной Азии, в чем заинтересованы не только государства региона, но и всё международное сообщество.

С каким политическим багажом придет Казахстан на пост председателя ОБСЕ?

Республика Казахстан – обладатель уникального опыта по налаживанию межнациональных и межконфессиональных отношений. Наше государство, в числе немногих стран мира, оказалась в состоянии отреагировать на важнейший вызов сегодняшнего дня – сохранить межнациональную стабильность, консолидацию общества. Сделала все, чтобы не допустить конфликтов на почве идей, разделяющих народы и этносы, проживающие на территории Казахстана. На наш взгляд, это несомненное достижение республики стало одним из главных аргументов при утверждении заявки страны на председательство в ОБСЕ.

В настоящее время, для современного мира казахстанский опыт по межэтническому и религиозному согласию крайне важен и интересен с практической точки зрения. В европейских странах вполне может оказаться практически востребованным опыт казахстанской толерантности и межнационального диалога, опыт политической стабилизации, а также испытанный механизм представительства основных этносов в высших органах государственной власти.

В январе 2010 года Казахстан намерен представить концепцию своего председательства в ОБСЕ. Основное внимание в Документе будет сфокусировано на таких вопросах, как сокращение оружия массового уничтожения, решение экологических проблем, усиление энергетической и

продовольственной безопасности, а также укрепление межнационального и межконфессионального согласия.

В Казахстане с 1995 года существует уникальная структура, которая воплотила все главные идеи межнационального согласия как фундамента казахстанской государственности, созданная по инициативе Президента РК Нурсултана Назарбаева - Ассамблея народа Казахстана. Председательство Казахстана в ОБСЕ в 2010 году сделает возможным изучение и имплементацию этой модели в Европе.

Межрелигиозный диалог крайне важен именно как фактор национальной безопасности. По мнению исследователей на данный момент межконфессиональный диалог может развиваться по следующим приоритетным направлениям:

- а) миротворчество на государственном и гражданском уровнях;
- б) взаимодействие с органами государственной власти по вопросам, затрагивающим интересы казахстанцев;
- в) забота о сохранении духовно-нравственных устоев в казахстанском обществе в условиях глобализации;
- г) способствовать развитию конкурентоспособного культурного потенциала нашей страны путем критического освоения богатого духовного наследия народа, сохранению культурной и национальной идентичности [1].

Таким образом, для формирования пространства межрелигиозного диалога как фактора обеспечения национальной безопасности и политической стабильности, на наш взгляд, необходимо предпринять следующие практические меры:

Во-первых, создать информационный банк данных о религиозных объединениях в мировом сообществе и их представленность в Республике Казахстан.

Во-вторых, систематически проводить мониторинг религиозной ситуации в Казахстане, в Центральноазиатском регионе с целью внесения корректив в государственную политику обеспечения национальной безопасности и в политику взаимоотношений с религиозными объединениями.

В-третьих, периодически исследовать социологию религиозных элит в Казахстане и Центральноазиатском регионе в целом.

В-четвертых, развивать различные формы и направления диалога конфессий с участием государственных деятелей, ученых, представителей неправительственных организаций.

В целом, опыт Казахстана по обеспечению межнационального и межконфессионального согласия заслуживает изучения и распространения на международном уровне, в том числе среди стран - партнеров по ОБСЕ.

*1. Религия в политике и культуре современного Казахстана. - Астана: Елорда, 2004. – 312 с. - С. 302.*

## Түйін

Бұл мақалада Қазақстан Республикасының ЕҚЫҰ төрағалығының негізгі бір бағыты ретінде конфессиияралық катынастарды нығайту мәселесі қарастырылады.

## Summary

The article is given up to the strengthening of interconfessional agreement, as one of the main directions of the chairmanship of R.K. in OSCE.

## КУЛЬТУРНОЕ И ГУМАНИТАРНОЕ ВЗАИМОДЕЙСТВИЕ КАЗАХСТАНА И РОССИИ В ГОДЫ НЕЗАВИСИМОСТИ

**В.Н.Бруштунов -**

*к.полит.н., доцент, зав. кафедрой «Гуманитарные дисциплины», Хакасский технический институт – филиал ВГОУ ВПС «Сибирский федеральный университет» г. Абакан, Российская Федерация*

Причины многих экономических проблем зачастую лежат в гуманитарной плоскости, в сферах образования, нравственности, этики, единства нации. И государство при разработке своих программ должно учитывать эти аспекты, а также обращать внимание на мировые тенденции, международный опыт. Казахстан и Россия успешно развиваются традиционные культурно-гуманитарные связи. Получают дальнейшее развитие традиционные культурно-гуманитарные связи. В октябре 2007 года подписана Межправительственная программа по сотрудничеству в гуманитарной сфере на 2007-2010 годы, направленная на реализацию конкретных мероприятий в сфере образования, гуманитарных наук, культуры, СМИ, туризма и спорта, здравоохранения, деятельности молодежных организаций и т.д.

Созданы условия по обеспечению равенства прав граждан двух государств, развития культуры народов, получения образования, а также сохранения и развития национальной самобытности, реализации ими духовно-религиозных потребностей и обучения на родном языке. Кроме того, 19-21 декабря 2008г. в Бурабае в ходе двухсторонней встречи Президента РК Н.А.Назарбаева с Президентом РФ Д.А.Медведевым был утвержден План совместных действий Казахстана и России на 2009-2010гг./1/.

Президент России Дмитрий Медведев уверен, что российские соотечественники за рубежом могли бы внести значительный вклад в работу по модернизации политической и экономической жизни в РФ с учетом опыта стран, в которых они проживают. Выступая на Конгрессе соотечественников в Москве, Медведев напомнил, что в послании Федеральному Собранию он

обозначал цель – Россия должна подтвердить статус мировой державы, но на новой основе.

Он подчеркнул, что для этого необходимо, кроме модернизации экономической и политической жизни страны, создать умную экономику, основанную на инновациях. «Это очень важная задача. Мы рассчитываем, что соотечественники внесут в эту работу большой вклад, нам нужен ваш потенциал и опыт стран, в которых вы живете». Он также отметил, что российские соотечественники за рубежом неравнодушны к тому, что происходит в Россию. С января по ноябрь поступило несколько тысяч откликов из-за рубежа, в которых содержатся разные идеи о путях развития страны. По его словам, ряд этих мыслей были использованы в ходе подготовки послания Федеральному Собранию. Русские составляют 30% населения Казахстана, которое, по данным переписи населения 1999 году, насчитывает более 16 миллионов человек<sup>2/</sup>. В свою очередь, российские соотечественники за рубежом, ждут от России изменения отношения к ним со стороны российского руководства.

Утверждение, что политическая стабильность и благоприятный социальный климат в любом государстве зависят не только от уровня развития его экономики, но и от духовно-нравственного состояния общества, в настоящее время вряд ли встретит серьезные возражения. Истоки и внешние проявления духовности обнаруживают себя не только в искусстве, образовании, науке, религии, то есть в сферах, традиционно объединяемых понятием «национальная культура». Вся повседневная жизнь пронизана традиционными устоями и моральными принципами, являющимися столь же важными элементами духовности. Вот почему при всех обстоятельствах эта сфера должна быть среди приоритетных<sup>3/</sup>.

